1. Индикатор туралы ақпарат	
Мақсат	Қазақстан Республикасында энергетикалық инфрақұрылым мен технологияларды дамыту және жаңғырту, оның ішінде энергоменеджмент жүйелерін енгізу арқылы.
Міндет	2030 жылға қарай энергия менеджменті жүйесін енгізетін кәсіпорындардың үлесін ұлғайту, сондай-ақ ұлттық басымдықтар мен даму бағдарламаларын ескере отырып, қазіргі заманғы, орнықты және энергия тиімді энергиямен жабдықтауға қол жеткізу үшін энергетикалық инфрақұрылым мен технологияларды жаңғыртуды қамтамасыз ету.
Индикатор	Жаңартылатын энергия көздері объектілерінің орнатылған қуаттары
2. Ұйым туралы ақпарат	
Организация	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтама	Ел (немесе өңір) аумағында пайдалануға берілген барлық жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) объектілерінің жиынтық номиналды электр қуатын айқындайтын көрсеткіш. Ол мегаватпен (МВт) өрнектелген барлық жұмыс істеп тұрған ЖЭК қондырғыларының орнатылған қуаттарының қосындысы ретінде есептеледі.
Негізгі түсініктер:	Жаңартылатын энергия көздері – табиғи түрде өтетін процестер есебінен үздіксіз жаңартылып отыратын энергия көздері, олар келесі түрлерді қамтиды: күн радиациясының энергиясы, жел энергиясы, судың гидродинамикалық энергиясы; геотермальды энергия: топырақтың, үстіңгі және жер асты су объектілерінің жылуы; сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын тұтыну қалдықтары, биомасса, биогаз және тұтыну қалдықтарынан алынатын өзге де отын;. (Дереккөз: Қазақстан Республикасының «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі)
Негіздеу және түсіндіру	ЖЭК объектілерінің орнатылған қуаттары атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді, халықтың тұруы үшін жайлы жағдайлар жасайды және тұтастай алғанда экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал ететін болады. Сондай-ақ ЖЭК объектілерінің орнатылған қуаттарын арттыру қазбалы энергия көздеріне тәуелділікті төмендетуге, энергия жүйесінің орнықтылығын арттыруға және экономиканы декарбонизациялау бойынша ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.
4. Дереккөздер және жинау әдістері	
Дереккөздер	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорда әкімдіктерінің, «ЖӘК қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС деректері.»

Жинау әдістері	Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және елорданың әкімдіктері ұсынатын есептер, сондай-ақ «ЖӘК қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-дан түсетін мәліметтер негізінде. Энергетика саласындағы уәкілетті орган ел бойынша, өңірлер және жаңартылатын энергия көздерінің түрлері бөлінісінде ЖЭК объектілерінің жиынтық орнатылған қуатын айқындау үшін ақпаратты жинауды, жинақтауды және талдауды жүзеге асырады.
Өлшем бірлігі	МВт
Кезеңділік	Жаңартылатын энергия көздерінің жаңа объектілерін жаңартуға немесе пайдалануға беруге қарай.
5. Есептеу әдісі және басқа әдіснамалық ойлар	
Есептеу әдісі:	ЖЭК объектілерінің орнатылған қуаттары жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын, пайдалануға берілген барлық объектілердің номиналды электр қуаттарының қосындысы ретінде есептеледі.
Пікірлер мен шектеулер:	-
6. Деректердің қолжетімділігі және дезагрегация	
Деректердің қолжетімділігі және бос орындар:	Деректер Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің сайтында қолжетімді
Дезагрегация деңгейі:	Деректер Қазақстан Республикасы, облыстар және ЖЭК түрлері (биоэнергетика, гидроэнергетика, күн энергиясы, жел энергиясы) бойынша дезагрегацияланған
7. Халықаралық деректермен / стандарттармен алыстырмалылық	-
8. Сілтемелер мен құжаттама	https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/documents/details/872619?lang=ru